

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



D021-Арнайы педагогика
білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ

D021-Арнайы педагогика
Докторантура (PhD)

Алматы, 2022 ж.

Құрастырушылар



психол.ғ.д., профессор Жиенбаева Н.Б.



психол.ғ.к., асоц.профессор Аутаева А.Н.

Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының оқу-әдістемелік секциясында талқыланды. «06»_06_2022ж., хаттама ___10__

Бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институтының кеңесімен бекітілді. Хаттама «_____»_____2022ж

Директор_____Абаева Г.А.

1.Жалпы ережелер

1.1 «8D019-Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтиханының бағдарламасы «8D019-Арнайы педагогика» дайындық бағыты бойынша докторантураға түсуге ықылас білдірушілер үшін қабылдау емтиханын өткізу тәртібін белгілейді.

1.2 «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КАҚ (бұдан әрі – Абай университеті) білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен регламенттеледі.

1.3 Түсу емтиханының мақсаты – болашақ докторанттардың білімдер жинағын анықтау, сонымен бірге олардың жан-жақты құзыреттіліктерінің докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша оқу барысында қалыптасатын арнайы құзіреттіліктерді нәтижелі игеруге сәйкестігін бағалау.

Міндеттері:

- болашақ докторанттардың ақпараттарды іздестіру, іріктеу синтездеу және нақтылауды жүзеге асыруға даярлығы мен қабылеттерін бағалау;
- түсушілердің докторлық білім беру бағдарламасындағы оқу пәнін түсінгендігін бағалау;
- түсушілердің заманауи ақпараттық ресурстарын қолдануға даярлығын бағалау;
- бүгінгі таңдағы ғылымдағы және өнеркәсіптегі заманауи ғылыми және тәжірибелік мәселелерді қоя және шеше білуін, ЖОО-да сабақ бере білуін, арнайы педагогика саласында зерттеу және басқарушылық іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыра білу қабылеттерін бағалау.

2.Докторантураға түсушілерге қойылатын талаптар

2.1 Докторантураға түсуге үметкерлердің педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі, жалпы білім және зияткерлік деңгейі жоғары, аналитикалық ойлауы, арнайы педагогика саласы бойынша білімі болуы қажет.

2.2 Докторантураға түсуге үметкерлердің келесі білімімен дағдылары болуы тиіс:

1) Арнайы педагогика негіздері, оның әдіснамасы, олардың негізгі ұғымдары мен әдістері, жалпы дене дайындығы, арнайы дене дайындығы туралы хабардар болу.

2) Ақпараттық ағындардың тез жаңаруы мен өзгеру жағдайында дәстүрлі әдістер мен қатар инновациялық технологияларды қолдану арқылы стандартты жағдайларда арнайы педагогика саласындағы проблемаларды талдау және сыни бағалау қабілетіне ие болу.

3) Инновациялық, ақпараттық-коммуникациялық, цифрландыру технологияларын пайдалана отырып, нақты дамып келе жатқан әлемнің жаңа жағдайларында проблемаларды шешу жолдарын анықтай білу, түйінді проблемаларды ажырату және тұжырымдау.

4) Ұлттық және тарихи сана-сезімді, төзімділікті дамыту үшін білімді пайдалана білу, арнайы білім беру мәселелері жөнінде сұхбат жүргізе білу; қызметтің тәжірибелік мәселелерін (білім беру, зерттеу, қоғамдық) шешу үшін қажетті білімді генерациялау қабілеті; алған білімді түрлі білім беру жүйелеріне бейімдеу және пайдалану қабілеті.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

3.1 Докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады. Бұл ретте докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім беру деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда докторантқа игеру үшін пререквизиттер белгіленеді.

3.2 Қажетті пререквизиттер тізбесін және оларды игеру мерзімдерін Абай университеті дербес айқындайды. Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі. Пререквизиттер ретінде докторант тиісті деңгейдегі бейресми білім берудің оқыту нәтижелерін ұсынады, олар Абай университетінде Заңның 5-бабы 38-3) тармақшасына сәйкес танылады. Докторантураға бейіндік бағыттағы магистр түскен кезде оған пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

4. Түсу емтихандарын өткізу тәртібі

4.1 Докторантураға түсушілер үшін түсу емтихандар басталғанға дейін қабылдау комиссиясы олармен жұмысты жүргізуді жүзеге асырады:

1) Оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының таңдалатын тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыру;

2) Оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және тексеруді ұйымдастыру;

3) Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыру (емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі, нәтижелерді жария ету уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі).

4.2 Докторантураға түсу емтиханы қағазға жазу форматында өткізіледі.

4.3 Абай университеті докторантурасына түсу емтиханы мыналардан тұрады:

1) эссе жазу;

2) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Эссені бағалау нәтижелерін жинақтау және білім беру бағдарламасы тобының профилі бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру арқылы алынған балдардың жиынтығы қорытынды баға болып табылады.

4.4 Докторантураға түсушілер үшін түсу емтихандары 100 балдық жүйе бойынша бағаланады.

4.5 Түсу емтиханының нәтижелері баға ведомосімен, комиссия хаттамасымен ресімделеді. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

4.6 Түсу емтихандарының нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

4.7 Түсу емтиханын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Докторантура PhD
D021 – Арнайы педагогика
«8D01901 – Арнайы педагогика бойынша даярлау бағдарламалары бойынша оқуға
түсуге арналған емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

1.«Дайындық бағыты бойынша жазбаша емтихан»

Бағдарламада ұсынылған барлық тақырыптар бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының негізгі компоненттеріне негізделген. Оқуға түсуші емтиханды жазбаша түрде тапсырады, емтихан билетінің (3) сұрақтарына жауап береді, бөлінген уақытқа сәйкес емтихан аяқталғаннан кейін жазбаша жауаптарды емтихан комиссиясы тексереді. Талапкердің жауабын бағалау келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылады: пікірлердің дербестігі, жауаптардың негізділігі және дәлелділігі, өз көзқарасын сауатты және қисынды білдіру қабілеті.

2.Бағдарламаның негізгі (базалық) тақырыптары

Арнайы педагогиканың базалық негіздері

Арнайы педагогика педагогиканың бір саласы

Арнайы педагогика педагогикалық ғылымның саласы ретінде. Арнайы педагогиканы зерттеудің пәні. Аномалды дамудың сапалық ерекшелігін білудің принциптері мен әдістері (Л.С.Выготский). Арнайы педагогиканың тұжырымдамалық аппаратының қалыптасуы мен даму заңдылықтары. Негізгі педагогикалық категориялар: тәрбиелеу, оқыту, дамыту, түзету, компенсация, әлеуметтік оңалту, абилитация, интеграция, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу. Арнайы педагогиканың міндеттері. Арнайы педагогикадағы ғылыми зерттеу әдістері. Арнайы педагогиканың гуманистік парадигмасы.

Арнайы педагогиканың ғылыми негізі

"Арнайы педагогика" феноменін заманауи түсіну. Арнайы педагогика құбылыстарын философиялық түсінудің ерекшелігі. Философиялық ой тарихындағы адамның қалыптан тыс дамуы туралы идеялардың дамуының негізгі тенденциялары. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік оңалту тұжырымдамасы. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың тәуелсіз өмірі идеясының мәні. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дайындаудағы арнайы педагогиканың міндеттері және әлеуметтік-мәдени интеграция. Арнайы педагогиканың міндеттерін жүзеге асырудың негізгі ғылыми тәсілдері, мысалы, клиникалық, психологиялық, құқықтық және т.б.

Арнайы педагогиканың жүйеленуі мен статистикасы

"Даму мүмкіндіктері шектеулі бала" ("аномалды бала") түсінігі. Адам дамуының шектеулі мүмкіндіктерінің заманауи жіктелуі. Жіктеудің ғылыми негіздері. Арнайы білім беру жүйесіндегі ерекше білім беруді қажет ететін балалар (сенсорлық, зияттық және қимыл-қозғалу бұзылыстары бар балалар). Ауытқушылықтың пайда болу себептері. Арнайы білім беру ұйымдарының заманауи құрылымы. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық құжаттар. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтарын қорғау жөніндегі Қазақстандық мемлекеттік саясат. Арнайы педагогиканың пәндік салалары.

(ЕББ) Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға арнайы білім беру

Арнайы педагогиканың дидактикалық негіздері. Ерекше білім беру қажеттіліктері және арнайы білім берудің мазмұны. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің принциптері, әдістері мен формалары. Түзету-білім беру процесін қамтамасыз ету құралдары. Арнайы білім беру жүйесіндегі педагогтың кәсіби қызметі және тұлғасы. Қазақстандағы арнайы білім беру қызметінің заманауи жүйесі.

Арнайы педагогика мен арнайы білім берудің даму болашағы

Алдын алу және ерте анықтау. ҚР-да мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте кешенді көмек көрсету. Арнайы педагогиканы дамытудың басым бағыттары. Арнайы педагогикадағы интеграция және саралау. Интеграция модельдері. Инклюзия және инклюзивті білім беру. Гуманистік білім беру жүйелері.

ҚР жоғары (арнайы) білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінің халықаралық контексті

ҚР жоғары білім беру жүйесінің нормативтері. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің әлеуметтік нормалары: болондық регулятиві. Құзыреттілік тәсіл негізінде оңай түсінілетін және салыстырылатын дәрежелердің жалпы еуропалық жүйесі. Құзырет және құзыреттілік. Білім беру құзыреттілігі: жаһандық және негізгі.

Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінің білім беру траекториялары мен деңгейлері. Оқыту нәтижелері және оларды бағалау. Білім беру бағдарламалары және білім беру бағдарламалары сапасының критерийлері.

Арнайы педагогика әдіснамасы: анықтамасы, міндеттері, деңгейлері мен қызметтері

Әдіснаманы заманауи түсіну. Ғылым әдіснамасының анықтамалары. Арнайы педагогика әдіснамасының пәні. Арнайы педагогика әдіснамасының мәні. Педагогика әдіснамасының ғылыми таным саласы ретіндегі аспектілері. Арнайы педагогика әдіснамасының негізгі функциялары. Арнайы педагогиканың әдіснамалық білімінің құрылымы (4 деңгей).

Арнайы педагогикадағы ғылыми зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеу әдістерін түсіну. Арнайы педагогикада ғылыми зерттеу әдістерін қолдану. Эмпирикалық психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістері. Операциялық әдістер. Тәжірибелік әдістер. Бақылау әдісі. Әңгімелесу және сұхбат әдісі. Сауалнама әдісі. Педагогикалық эксперимент әдісі.

3.Әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л. С. Основные проблемы современной дефектологии // Собр. соч.: в 6 т. М.: Педагогика. 1982–1985. Т. 5. С. 13.
2. Лубовский В. И. Основные проблемы ранней диагностики и ранней коррекции нарушений развития // Дефектология. 1999. № 1.
3. Е. Н. Горина, Ю. В. Селиванова, Н. А. Дефектология : современные проблемы и перспективы развития / Саратов : Изд-во Саратов. ун-та, 2014. – 312 с.
4. Назарова Н.М. Специальная педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Аксенова Л.И., Архипов Б.А, Белякова Л.И.и др.; Под ред. Назаровой Н.М. — 4-е изд., стер. - М.: Издательский центр «Академия» - 400 с.. 2005

-
5. Матюхина, Ю. А. Специальная педагогика: шпаргалка : учебное пособие : [16+] / Ю. А. Матюхина, О. О. Петрова, Р. Н. Сиренко ; Научная книга. – 2-е изд. – Саратов : Научная книга, 2020.
 6. Кумарина, Г. Коррекционно-развивающее образование : актуальные проблемы теории и практики / Галина Кумарина // Народное образование. - 2007. - № 8. - С. 184-192. - (Школа здоровья).
 7. Соколова, Н.Д. Дети с ограниченными возможностями: проблемы и инновационные тенденции в обучении и воспитании / Н.Д. Соколова, Л.В. Калиникова. - М.: 2005. - 180 с.
 8. Багаева, Г.Н. Социальная работа с семьей ребенка с ограниченными возможностями / Г.Н. Багаева, Т.А. Исаева. - М.: ВЛАДОС, 2005. - 451 с.
 9. И.Д. Емельянова, С.В. Маркова, А.А. Сергеева Е 60 «Современные проблемы науки и специального (дефектологического) образования»: учебное пособие для магистрантов,– Елец: Елецкий государственный университет им. И.А. Бунина, 2018. – 98 с.
-

4.Әңгімелесудің негізгі тақырыптары

№	Темы	Баллы				Оценка
		1	2	3	4	
1	Неліктен докторантураның 8D01901 – «Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?					
2	Алдыңғы білім деңгейі (бакалавриат, магистратура) процесінде алынған қандай кәсіби құзыреттер PhD білім беру бағдарламасын табысты игеруге көмектеседі?					
3	Инклюзивті және арнайы білім беруді дамытудың қандай бағыттары өзекті болып табылады?					
4	Сіз таңдаған ғылыми зерттеу саласы аясында ғылыми және кәсіби мансабыңызды қалай жоспарлайсыз?					
5	Таңдалған бағыт бойынша зерттеуші ретінде сіз өзіңіздің жағымды жақтарыңызды қалай сипаттай аласыз және зерттеу тақырыбы бойынша қандай ғылыми жұмыстарыңыз бар (ғылыми әзірлемелер, жарияланымдар және т. б.)?					
Барлығы						

5.Әңгімелесуге қатысушылардың жауаптарын бағалау критерийлері

1. Заманауи арнайы педагогиканың пәндік саласын, сұрақты терең және толықтай аша білу
2. Арнайы педагогиканың терминологиялық аппаратын және оны жауап беру кезінде пайдалана білу
3. Құбылыстардың, оқиғалардың, процестердің мәнін түсіндіре білу, жалпылау мен қортынды жасай білу, негізделген, нақты жауаптар бере білу
4. Жауаптың тілдік ресімделуі: қисындылық пен бірізділік, қойылған сұрақтарға жауап бере білу, талқыланған мәселе бойынша өз пікірін білдіре білу

№	Критерии құрылымы	Балл саны
1	пәндік саланың негізгі үрдістерінің білімін көрсетеді; сұрақтың терең және толықтай ашылуы; ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген; үдерістерді, құбылыстарды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды, дәлелді жауаптар береді, қорытынды жасайды және жинақтайды; талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін қисынды және дәйекті білдіреді	4
2	зерттелетін пән саласының негізгі үдерістерін, тақырыптың	3

	ашылуының тереңдігі мен толықтығын біледі; терминологиялық аппаратты меңгерген; құбылыстардың, процестердің мәнін түсіндіреді, қорытынды және жалпылау жасайды; монологтық сөйлеуді еркін меңгерген; алайда жауапта бір - екі дәлсіздікке жол беріледі.	
3	теорияның негізгі сұрақтарын білетіндігін, сұрақтың ашылуының тереңдігі мен толықтығының жеткіліксіздігін; дәлелді жауаптар бере және мысалдар келтіре білудің жеткіліксіздігін; монологтық сөйлеуді жеткілікті еркін меңгермегенін; жауап мазмұнында бірнеше қателіктерге жол берілетінін көрсетеді.	2
4	теорияның негізгі мәселелерін білмеу, тақырыпты терең ашпау; құбылыстарды, процестерді талдау дағдысының қалыптаспауы; дәлелді жауаптар бере алмау, жауаптың қисындылығы мен реттілігінің болмауы; жауап мазмұнында елеулі қателіктер жіберіледі.	1

6.Әңгімелесуді өткізу технологиясы

Сұхбаттасу технологиясы емтихан комиссиясы мүшелерінің сұрақтарына ауызша жауаптарды ұсынады. Әрбір қатысушы үшін әңгімелесу өткізу ұзақтығы 10-15 минутты құрайды. Қорытынды әңгімелесудің ұзақтығына дайындық іс-шараларына бөлінген уақыт кірмейді (әңгімелесуге қатысушының сәлемдесуі, әңгімелесуді өткізуді есепке алу ведомосына мәліметтер енгізу, әңгімелесуге қатысушыны емтихан алушы-әңгімелесушінің нұсқамасы). Әңгімелесудің әрбір қатысушысының жауаптарын бағалау балдық жүйе бойынша арнайы әзірленген критерийлер бойынша тікелей жауап беру процесінде (әңгімелесу аяқталғаннан кейін) жүзеге асырылады. Сұрақтар саны-5. Әр сұрақ 1-ден 4 баллға дейін бағаланады. Сұхбат үшін максималды балл-20. Емтихан комиссиясының мүшелері әңгімелесуге қатысушылардың жауаптарын бағалау жөніндегі хаттамаға мынадай мәліметтерді енгізеді: қатысушының ТАӘ; сұрақ нөмірі; бағалаудың әрбір критерийі бойынша баллдар; баллдардың жалпы саны; ТАӘ, қолы және тексеру күні.